

САРАПТАМА КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

Үкімет үйінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев Экономика мәселелері жөніндегі сараптама кеңесінің отырысын өткізді.

Отырыс барысында «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында салық саясатын жетілдіру мәселелері талқыланды, сондай-ақ «Қазақстанның Ұлттық технологиялық бастамасы» 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының жобасы қаралды.

Кеңес отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов сөз сөйледі. Бұдан өзге, сараптама қауымдастығының өкілдері: «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ баскарма төрағасы С.Мәдиев, «Oil Gas Project» ЖШС директоры Ж.Ахметов, «Қазақ мұнай және газ институты» АҚ бас директорының кеңесшісі Ж.Күлекеев, «Астана» Халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қ.Келімбетов, «Қазақстан Халық банкі» АҚ баскарма төрағасы Ү.Шаяхметова, «Стратегиялық бастамалар орталығының» аға серіктесі О.Құдайбергенов, «Ракурс» Экономикалық талдау орталығы» қоғамдық қорының директоры О.Жандосов, «Қоғамдық проблемаларды талдау орталығы» қоғамдық қорының директоры М.Махмұтова, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП баскарма төрағасы А.Мырзахметов және басқалары өз түсініктемелері мен ұсыныстарын айтты.

Отырыс қорытындысы бойынша Б.Сағынтаев ҚР Ұлттық экономика министрлігіне сарапшылардың ұсыныстарын зерттеуді және жұмыста ескеруді тапсырды.

ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ САЛАСЫ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Тау-кен металлургия саласы, қатты пайдалы қазбалар бойынша геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі кеңес отырысы өтті. Отырыс барысында «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының тапсырмаларын орындау аясында әзірленген «Жер қойнауы туралы» ҚР жаңа кодексінің жобасы талқыланды, сондай-ақ, 2018 жылы Астанада өтетін Дүниежүзілік тау-кен конгресіне дайындық мәселелері қаралды.

Дүниежүзілік тау-кен конгресі – әрбір 2-3 жыл сайын өткізілетін, ТКМ саласындағы ауқымды шара. ДТКК құрамына әлемдік деңгейдегі сарапшылар мен 49 елдің ғалымдары кіреді. Алғашқы конгресс 1958 жылғы қыркүйекте Варшавада (Польша) өткен.

ИРАК КОМПАНИЯСЫ ЕТ ИМПОРТТАУҒА НИЕТТІ

Жақында Ирактың сауда нарығындағы ет импорты жөнінен көшбасшы компаниялардың бірі - «АНасанат LTD» компаниясының басшысы біздің аймаққа келіп, Кәсіпкерлер палатасының алаңындағы кездесуге қатысты.

Ирактың ірі қалаларында сыйымдылығы айына 7 мың тоннаға дейін зат сақтайтын мұздатқыштары бар компания еттің басым бөлігін АҚШ, Украина, Үндістаннан алады екен. Енді Қазақстанмен де бұл бағытта әріптестік негізде жұмыс жасағысы келеді.

Бүгінде Иракта 37 миллионға жуық халық тұрады. 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 85 миллионға өседі деген болжам бар. Сондықтан да, бұл елде етке сұраныс аса жоғары. Мәселен, қозы етінің 1 келісі біздің теңгеге шаққанда орта есеппен 4500-4800 теңгені құрайды. «Al Hasanat LTD» компаниясының басшысы 12-18 айдан және сойыс салмағы 18-20 келіден аспайтын қозы етіне қызығушылық танытты. Қозыны тірідей және мұздатылған ет түрінде алмақ. Кездесу барысында алдағы уақытта бірге жұмыс жасауға келісіп, Кәсіпкерлер палатасы мен «Al Hasanat LTD» компаниясы арасында меморандумға қол қойылды.

Кездесуден кейін ирактық кәсіпкерлер Жаңақорған және Сырдария аудандарында болып, «Көбелдес», «Бахытжан», «Ынтымақ» және «Абай Дәулет» шаруа қожалықтарының жұмысымен танысты.

М.МЕРЕЙ.

ЖОЛАҚЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қала ішіндегі қоғамдық көліктерге толенетін жолақыны қымбаттату туралы ұсыныс айтылғанына біршама уақыт болды. Алдымен өңірлік коммуникациялар қызметінде журналистерге арнай брифинг өткізілді. Қалада бірнеше рет қоғамдық тыңдау ұйымдастырылды.

Мәселенің мәнісін аша түсу үшін жолақы тақырыбын біз де зерттеген едік. Қарап отырсақ, қала бойынша жолаушылар тасымалымен «Қызылорда автобұс парк» мекемесі ғана айналысады. Онда 450 адам жұмыс жасайды. Бір мекеме үшін аз көрсеткіш емес. Дегенмен, аталған мекеме жолаушылар тасымалын толықтай қамти алмайды. Сол себепті, бұл бағыттағы жұмыстардың 75 пайызын жеке кәсіпкерлер атқарып отыр. Қазір қалашілік 25 және қала маңына қатынайтын 6 бағытта барлығы 870 автокөлік екі ауысыммен қызмет көрсетуде. Соның 112-сі ғана жаңа автобұстар. Жолаушылар тасымалын оңтайландыру бағытында алынған сыйымдылығы үлкен жаңа автобұстар күніне 240 шақырым жол жүреді екен. Бұл шамамен айына 7200 шақырымды құрайды. Жаңа автобұстар үшін бұл аса көп болмауы мүмкін. Бірақ, жолаушылар тасымалымен айналысатын екі көліктерге көлімгілей әсер етеді. Қалашілік жолаушылар тасымалымен айналысатын кәсіпкерлердің бірден-бір табыс көзі – жолағ толенетін ақа. Оның үстіне өткен жылмен салыстырғанда жанармай мен қосалқы бөлшектердің бағасы әуеір қымбаттаған.

● **АЙМАҚ ДАМУЫ**

ОБЛЫС ТЫНЫСЫ: ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ

2017жылдыңалғашқы 5айында Қызылорда облысында өнеркәсіп өндірісінде өндірілген өнім көлемі 246,3 млрд теңгені құрады. Есепті кезеңде 2 млн тоннадан астам шикі мұнай өндірілді. Облыста соңғы 3 жылда өнділе өнеркәсібі тұрақты өсімді көрсетіп отыр. Аталған кезеңде бұл салада өндірілген өнім көлемі 10,8 пайызға өсті. Оның жалпы өнеркәсіптегі үлесі 14,3 пайызды құрайды.

Облыста 2017 жылы өндірілуі болжанған мұнай көлемі – 7 млн тонна. Бүгінгі күні облыс аумағында 85 келісім-шарттың негізінде кен таралған пайдалы қазбаларды барлау немесе өндірумен 62 жер қойнауын пайдаланушы жұмыс жүргізілуде.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 14-сессиясы 2017 жылғы 14 шілде сағат 11:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Сұлтан Бейбарыс к., 1) мәжіліс залында ашылды.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Қызылорда облысы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы туралы есебі.
2. 2016 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы.
3. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2017 жылғы 14 шілдеде сағат 9:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 10:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.



Астана



6 шілде – АСТАНА КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОБЛЫСТА ӨТЕТІН ІС-ШАРАЛАР ТІЗІМІ



№	Іс-шара атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1.	«Әнім сенсің, Астана!» тақырыбында гитара-дұмал	2017 жылғы 1 шілде Сағат: 19:00	«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы ғимаратының алаңында
2.	«Мен тәуелсіз елдің азаматымын!» атты 16 жасқа толған азаматтарға салтанатты түрде жеке куәлік тапсыру шарасы	2017 жылғы 3 шілде Сағат: 17:00	«Халыққа қызмет көрсету» орталығының мәжіліс залы
3.	«Ару қала – Астана» тақырыбында суретшілер сайысы және колонер, сурет жарысқекелері	2017 жылғы 4 шілде Сағат: 10:00	Қызылорда қаласындағы Ы.Жазақов ескерткішінің маңы
4.	Жастар мен жасөспірімдер арасында стритболдан сайыс	2017 жылғы 4-6 шілде аралығы	Қызылорда қаласының орталық алаңы
5.	«Астана – жүрегіміз!» тақырыбында байырлар байқауы	2017 жылғы 5 шілде Сағат: 11:00-16:00	Қызылорда қаласындағы «Балдар» көпқабатты орталығы
6.	«Астана – арман қала» тақырыбында заманауи би жарысы	2017 жылғы 5 шілде Сағат: 19:00	Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата ескерткішінің алаңы
7.	«Менің Астанам!» атты оқушылар арасында жыр мұайырсы, «Астанам жұлдызым» атты балалар арасында сурет салу байқауы	2017 жылғы 5 шілде Сағат: 10:00	«Арай-Сайрағи» лагерьі
8.	«Астана – елдің бірлігі» атты мерекелік концерт	2017 жылғы 5 шілде Сағат: 18:00	Жалағаш ауданының орталық алаңы
9.	«Асқақтай бер, Астана!» атты мерекелік шара	2017 жылғы 5 шілде Сағат: 18:00	Сырдария ауданының орталық алаңы

10.	«Туған күніміз – Астанам!» атты мерекелік концерт	2017 жылғы 5 шілде Сағат: 20:00	Шіпей ауданының орталық алаңы
11.	«Жайнай бер, Астана!» мерекелік салтанатты шара	2017 жылғы 5 шілде Сағат: 20:00	Жаңақорған ауданының орталық алаңы
12.	«Асқақтай бер, Астана!» атты кітап көрмесі	2017 жылғы 5 шілде	Ә. Тәжібаев атындағы облыстық әдебиет ғылыми кітапханасы
13.	«Астана – ЕКСПО» тақырыбында слайд-көрмесі	2017 жылғы 5-6 шілде	Ақмешіт музейі
14.	«Астана – бақыт мекені» атты мерекелік іс-шара	2017 жылғы 6 шілде Сағат: 20:00	Қызылорда қалалық мәдени-жауапты парк
15.	«Жайнай бер, жарықрай бер, жас Астана» атты мәдени іс-шара	2017 жылғы 6 шілде Сағат: 20:00	Қызылорда қаласының орталық алаңы
16.	«Халықты рухталдырған Астанам!» атты мерекелік концерт	2017 жылғы 6 шілде Сағат: 20:00	Арал ауданының орталық алаңы
17.	«Елорда – асқақтаған Астанам!» атты салтанатты шара	2017 жылғы 6 шілде Сағат: 20:00	Қазалы ауданының орталық алаңы
18.	«Әнім сенсің – Астана» атты мерекелік концерт	2017 жылғы 6 шілде Сағат: 20:00	Қармақшы ауданының орталық алаңы
19.	«Hand-Made» колонер шеберлерінің көрмесі	2017 жылғы 6 шілде Сағат: 20:00	«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы ғимаратының алаңында

● **БАЛЫҚШЫЛАР СЛЕТІ**



Ауданда шаруасын дөңгелентіп отырған іргелі ұжымдар баршылық. «Арал балық өңдеу зауыты» ЖШС – халықаралық стандартқа сай салынған кәсіпорынның бірі. Тұтынушы талғамынан табылуды мұрат тұтқан компанияның жылына 6000 тоннаға дейін балық өңдеуге мүмкіндігі бар. Зауыттың қуатты технологиялық жабдықтары балық филесін дайындауға арналған. Қазіргі таңда мұнда 30 адам еңбек етеді. Өндіріске қажетті балық кіші Арал теңізінен жеткізіледі.

Осындай тіршілігі алға басқан мекеменің бірі – «Арал сервисістік дайындау орталығы» ЖШС балық өңдеу зауыты. Білікті кәсіби маман, балықшылар әулетінің перзенті Нұрбек Әйтмбетов басшылық жасайтын зауытта сапасы жоғары өнім дайындалады. Бүгінгі таңда өңделетін балық көлемін арттыру үшін қосымша цехтардың құрылысы жүргізілуде. Кәсіпорынға Кіші Арал теңізінің №№10,12,14,15,17 учаскелері бекітіліп

берілген. Тура 7 жыл бұрын зауыт өнімдеріне Еврокод белгісі алынған еді. Осылайша «Арал» СДО уақыт талабымен үндесіп, құлашын кенге жайды.

Енді сөз тізгінін елді мекендердегі балық шаруашылығымен айналысатын кәсіп иелеріне қарай бұрасақ. «Мергенсай» ауылдық округінде «Аста» ЖШС, «Бақыт» шаруа қожалығы Кіші теңізден балық аулау жұмыстарын жүргізеді. Бұл қадам теңіз перзенттеріне бөтен болып тұрған жоқ. Ауыл тұрғындарының көпшілігі осы шаруашылықтарда маусымдық балық аулаумен айналысады», – дейді олар.

Тастүбек елді мекенінде «Бақыт» шаруа қожалығы балық қабылдайтын мұздатқыш орталығын салған болатын. Нәтижесінде ауылдың біршама адамы еңбекпен қамтылды. Мұздатқыштың сыйымдылығы 50 тоннаға есептелген. Осынау балық қабылдау мұздатқышына ағымдағы жылдың маусы-

пы тәжірибелік аймақ орналасқан. Ағымдағы жылы емханада амбулаторлы-хирургия орталығы ашылса, былтыр қала тұрғындары үшін нейрореабилитация бөлімшесі, «Отбасын жоспарлау», «Жас аналар», «Дені сау бала» және «Ресурс орталығы» кабинеттері ашылып, жұмыс жасауда.

Министр Елжан Біртанов МӘМС жүйесіне байланысты республика көлемінде «Емханаға тіркел де, өз мәртебенді анықта!» ұранымен өткізіліп жатқан науқанның қалай жүргізілгенін сұрап, тұрғындардың әлеуметтік мәртебесінің қаншалықты анықталғанына назар аударды.

Бүгінде емханада міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға байланысты тұрғындарды тіркеу аяқталып, мәртебесі анықталған. Атап айтқанда, «мәртебесі жоқ азаматтар» 16 пайызды құраса, жұмыс істейтіндер – 27,9, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 4,6, әлеуметтік осал топтар 54,4 пайызды құраған.

Елжан Амантайұлы бірқатар мәселені талқылады.

Жалпы, пилоттық жоба аясында облыстың жол картасы бекітілген. Осыған орай бірқатар жұмыс атқарылуда. Атап айтқанда, жедел жәрдем стансасының материалдық-техникалық базасы жақсартылса, орталық жанынан бірнғай медициналық СаП орталығы және санитарлық авиация орналастырылды. Онан бөлек, Қызылорда қаласы мен 7 аудан тұрғындарының байланысу қоңыраулары АСУ «Көмек» бағдарламасы арқылы «103» бірегей диспетчерлік орталығына енгізілген, ол үшін жергілікті бюджеттен қомақты қаржы бөлінген. Сондай-ақ, қалалық, аудандық жедел жәрдем бөлімшелеріндегі барлық көлікке GPS навигаторы орнатылған.

Денсаулық сақтау министрі сонымен бірге «NOVA» жекеменшік медициналық орталығында болып, ондағы МРТ, УЗИ, рентген диагностикасы, ЛОР, невропатолог, функционалды диагностика секікіді

Республикада екінші болып пилоттық жобаға енген облыстық жедел жәрдем көрсету орталығының қазіргі жұмысымен танысқан

бөлімдерінің жұмысымен танысты және басқарулық ортаның дамуына оң бағасын берді.

2-бет

